

«ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРИЗМ ЖӘНЕ МЕЙМАНДОСТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

«БЕКІТЕМІН»




ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

БАК тындаушыларына арналған біліктілікті арттыру курсының тақырыбы


«ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ»

ӘЗІРЛЕНДІ

 Б. Ортаев
« 25 » 09 2024 ж.

КЕЛІСІЛДІ


Дене шынықтыру және спорт
мектебінің директоры

 Б. Омаров
« 25 » 09 2024 ж.

БАК тыңдаушыларына арналған «Инклюзивті Білім Беру» тақырыбындағы біліктілік арттыру курсының оқу бағдарламасы «Дене шынықтыру және спорт» мектебінің отырысында қаралды және талқыланды

№ 2 хаттама «25» 09 2024 ж.

Мектеп директоры



(қолы)

Б. Омаров
(Т.А.Ә.)

БАК тыңдаушыларына арналған «Инклюзивті Білім Беру» тақырыбындағы біліктілік арттыру курсының оқу бағдарламасын Халықаралық туризм және меймандостық университетінің оқу-әдістемелік кеңесі бекітті.

№ 2 хаттама «26» 09 2024 ж.

ОӘК хатшысы


(қолы)

Ж. Сейткулова
(Т. А. Ә.)

Бағдарламаның мақсаты: педагогтарға инклюзивті білім беру мазмұны мен әдістемесі бойынша теориялық білім беру және ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларға жекеген пәндерді оқыту бойынша дағдыларын қалыптастыру.

Тыңдаушылар санаты: жоғары немесе орта кәсіптік білімі бар мамандар

Оқыту мерзімі:

Сағат саны: 90 сағат (аудиториялық 38 сағат)

Оқыту нысаны: күндізгі, қашықтықтан, дербес оқыту.

Оқыту тілі: (қазақ)

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Инклюзивті білім беру мәселесі бүгінгі таңда білім беру жүйесінде өзекті мәселе болып табылады. Осыған байланысты инклюзивті білім беру теориясы мен әдістемесінің негіздерін білім беру жүйесінде қызмет ететін педагогтардың, қызмет көрсетуші мамандардың білуі қажеттілік. Аталған курс бағдарламасында тыңдаушы инклюзивті білім берудің қысқаша тарихын, негізгі ұғымдар мен түсініктерді, халықаралық және республикалық деңгейдегі нормативтік құжаттарды оқып үйренеді. Сондай-ақ, интеграциялық оқыту жағдайында мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуді және инклюзивті білім берудегі әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру мен педагогикалық қызметті басқаруды, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды қалыпты білім беру кеңістігіне қосу шарттарын, оқыту үшін жеке-саралау тәсілдерін қолдануды, психологиялық-педагогикалық қолдауды зерделейді.

Біліктілікті арттыру курсы аяқтағаннан кейін тыңдаушылар келесі білімдерге, дағдыларға ие болады:

Білімі:

1. Инклюзивті білім беруге қатысты негізгі ұғымдар мен түсініктерді;
2. «Инклюзивті білім беруге қандай балалар жатады?» деген сұраққа жауапты;
3. Инклюзивті білім беруге қатысты нормативтік-әдістемелік құжаттарды;
4. Инклюзивті білім беруге қатысты озық тәжірибелерді;
5. Мүмкіндігі шектеулі (мүгедектігі бар) балалардың категорияларын;
6. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды оқыту мазмұны мен әдістерінің ерекшеліктерін біледі.

Іскерлігі:

1. Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылар үшін арнайы білім беру жағдайын ұйымдастыруды;
2. Мүмкіндігі шектеулі (мүгедектігі бар) балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін;
3. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды қалыпты білім беру кеңістігіне қосу шарттарын;
4. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар үшін білім беруді жүзеге асырудағы ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстарды зерделей алады;
5. Ерекше білім беруді қажет ететіндердің білім беру және оқыту нәтижелерін бағалауды жүзеге асырады.

Дағдылары:

1. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар үшін білім беру ортасын заманауи моделдеуді;
2. Инклюзивті білім беруге қатысты балалар үшін оқу жұмыстарын ұйымдастыру ерекшеліктерін;
3. Білім беру ұйымдарында мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау жасауды және оқу жұмыстарын ұйымдастыруды көрсетеді.

Аталған білім, іскерлік пен дағдылар тыңдаушыларға білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беруге толық мәнді қатысу мен жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Жоспар

Бөлімдер мен тақырыптар атауы	Сабақ нысаны			
	Барлығы	Аудиториялық	Өзіндік жұмыс	Үлгерімді ағымдағы бақылау нысаны
Модуль 1. Инклюзивті білім берудің теориялық негіздері				
1.1. Кіріспе. Инклюзивті білім берудегі негізгі түсініктер мен басшылыққа алынатын халықаралық құжаттар.	5	2	3	Бақылау сауалнамасы
1.2. Инклюзивті білім берудегі Халықаралық тәжірибелер.	4	2	2	Бақылау сауалнамасы
1.3. Білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың құқықтық негіздері (құжаттар, нұсқаулықтар).	5	2	3	Бақылау сауалнамасы
1.4 Инклюзивті білім берудің мәні.	4	1,5	2,5	Бақылау сауалнамасы
1.5. Инклюзивті білім беру ерекшеліктері.	4	2	2	Бақылау сауалнамасы
1.6. Ерекше білім беруді қажет ететін адамдарға (бала, оқушы, білім алушы) психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету.	3,5	1,5	2	Бақылау сауалнамасы
Модуль 2. Мүмкіндігі шектеулі балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері				
2.1. Инклюзивті білім берудің дәрігерлік-педагогикалық аспектілері.	3,5	1,5	2	Бақылау сауалнамасы
2.2. Мүмкіндігі шектеулі балалардың (көру, есту, сөйлеу қабілеттері, тірек-қимыл аппараты бұзылған) психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері.	3,5	1,5	2	Бақылау сауалнамасы
2.3. Ақыл-ойында ақауы бар және психикалық дамуы тежелген балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері.	3,5	1,5	2	Бақылау сауалнамасы
2.4. Инклюзивті білім беруге қамтылатын басқа да балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері.	4	1,5	2,5	Бақылау сауалнамасы
Модуль 3. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылар (балалар, оқушылар) үшін инклюзивті білім беруді ұйымдастыру негіздері				
3.1. Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылар үшін білім беру ортасын заманауи модельдеу.	5	2	3	Бақылау сауалнамасы
3.2. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар (оқушылар, білім алушылар) үшін білім беру бағдарламаларын және оқу ресурстарын бейімдеу.	5	2	3	Бақылау сауалнамасы
3.3. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар (оқушы, білім алушы) үшін жеке білім траекториясын жобалау, жеке-саралау тәсілін қолдану. Оқу жұмысын ұйымдастыру ерекшеліктері.	4	2	2	Бақылау сауалнамасы

Модуль 4. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту және психологиялық-педагогикалық қолдау				
4.1. Психикалық дамуы тежелген балаларды түзете- дамыта оқытудың негізгі бағыттары мен мазмұны. Психологиялық-педагогикалық қолдау.	3,5	1,5	2	Бақылау сауалнамасы
4.2. Білім беру ұйымдарында тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау. Оқу жұмысын ұйымдастыру ерекшеліктері.	3,5	1,5	2	Бақылау сауалнамасы
4.3. Білім беру ұйымдарында құлағы нашар еститін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау. Оқу жұмысын ұйымдастыру ерекшеліктері.	3,5	1,5	2	Бақылау сауалнамасы
4.4. Білім беру ұйымдарында көзі нашар көретін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау. Оқу жұмысын ұйымдастыру ерекшеліктері.	3,5	1,5	2	Бақылау сауалнамасы
4.5. Білім беру ұйымдарында интеллектуалдық ақауы бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау. Оқу жұмысын ұйымдастыру ерекшеліктері.	3,5	1,5	2	Бақылау сауалнамасы
4.6. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды (оқушы, білім алушы) қосымша білім беру бағдарламасына қамту және қашықтықтан оқыту.	4,5	1,5	3	Бақылау сауалнамасы
Модуль 5. Ерекше қажеттілігі бар балалармен ұйымдастырылған білім берудің нәтижелерін бақылау және бағалау				
5.1. Инклюзивті білім беру жағдайында отбасымен жүргізілетін жұмыс.	4	2	2	Бақылау сауалнамасы
5.2. Мүмкіндігі шектеулі балалардың жеке мүмкіндіктерін есепке алу негізінде білім беру нәтижелерін бағалау.	5	2	3	Бақылау сауалнамасы
5.3. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау жолдары.	5	2	3	Бақылау сауалнамасы
Қорытынды:	90	38	52	Жоба

Модуль - 1. Инклюзивті білім берудің теориялық негіздері

1.1. Кіріспе. Инклюзивті білім берудегі негізгі түсініктер мен басшылыққа алынатын халықаралық құжаттар.

Инклюзивті білім беру. Инклюзивті білім беруге бағдарланған бетбұрыс. Инклюзивті оқытудың бастау алуы. Инклюзивті білім беруге бағдар болатын БҰҰ, ЮНЕСКО құжаттары. Саламан декларациясы. Инклюзивті білім беруге жататын балалар түрі. Инклюзивті оқыту.

1.2. Инклюзивті білім берудегі Халықаралық тәжірибелер.

Инклюзивті білім беруге сәйкес педагогикадағы алғашқы тәжірибелер. АҚШ мен Еуропа елдеріндегі (Италия, Хорватия, Швеция, т.б.) және Ресейдегі инклюзивті білім беру мен оқытудағы озық тәжірибелердің жинақталуынан қысқаша мәліметтер. Оқытудағы қиындықтар, ерекшеліктер. АҚШ пен Еуропаның қазіргі білім беру саясатындағы амал-

тәсілдердің дамуы. Қалыптасқан ұғымдар мен түсініктер. Дүниежүзілік тәжірибе бойынша оқыту моделдерінің қалыптасуы: сегрегация, интеграция, инклюзия. Мүмкіндігі шектеулі адамдарға деген қоғамдық қатынастың модельдері.

1.3. Білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың құқықтық негіздері (құжаттар, нұсқаулықтар)

Инклюзивті білім беруге қатысты БҰҰ құжаттарының Қазақстан Республикасында инклюзивті білім берудің ұйымдастыру-құқықтық негізіне алынуы мен құжаттардың ерекшеліктері: «Бала құқықтары туралы» Конвенциясы, Мүгедектер үшін тең мүмкіндіктері қамтамасыз етудің стандартты ережелері, т.б.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамалық құжаттары және олардың мазмұнының негізгі сипаттары: ҚР Конституциясы, «ҚР бала құқықтары туралы» заңы, «Білім туралы» заңы, «ҚР сәулет, қала құрылысы және құрлыс қызметі туралы» заңы, «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» заңы, т.б.

1.4. Инклюзивті білім берудің мәні.

Мүмкіндігі шектеулі балалар категориясына жататындар. Мүмкіндігі шектеулі түрлі категориядағы балалардың анықталу механизмі. Инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын білім беру мекемелері. Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылар. Инклюзивті білім беру принциптері және инклюзивті әдіс. Елімізде инклюзивті білім беруді дамытудағы принциптер мен құндылықтар, негізгі талаптар. Мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру аясындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырудағы: негізгі міндеттер, принциптер.

1.5. Инклюзивті білім беру ерекшеліктері

Мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім берудің басымдықтары. Инклюзивті білім беру теориясының негізі: психологиялық әлеуметтік оқыту теориясы, әрекеттік тәсіл. «Интеграция» мен «инклюзивті білім беру» терминдерінің ерекшеліктері. Интеграциялық оқытудың формалары мен түрлері. Инклюзивті білім беру түрлері. Білім беру ұйымында инклюзивті оқу-тәрбие үдерісіндегі педагогикалық қызметті ұйымдастыру формалары.

1.6. Ерекше білім беруді қажет ететін адамдарға (бала, оқушы, білім алушы) психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету.

Инклюзивті сынып мұғалімнің оқыту үдерісінің бағдары. Инклюзивті білім беруді енгізуге арналған шарттар. Инклюзивті білім берудегі үйлестіру жұмыстары. Инклюзивті білім беруді психологиялық-педагогикалық қолдау. Психологиялық-педагогикалық қолдау бағыттары. Жалпы білім беру мектептерінде мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жүргізетін және психологиялық-педагогикалық қолдауды жүзеге асыратын мамандардың (мұғалім-дефектологтар, психологтар, әлеуметтік педагогтар; мектептің әкімшілігі) қызметтері. Инклюзивті мектепті дамыту үшін жалпы білім беру мектебін өзгертудегі іс-әрекеттер. Инклюзивті білім беру бағдарламасын тиімді басқару мақсатындағы ұйымдастырушылық-функционалдық құрылым. Жұмыс жасайтын бағдарламаның жүзеге асырылуын қадағалау.

Модуль 2. Мүмкіндігі шектеулі балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері

2.1. Инклюзивті білім берудің дәрігерлік-педагогикалық аспектілері.

«Денсаулық» ұғымы, денсаулыққа ықпал ететін факторлар. Қоғамдық денсаулық сақтау және клиникалық денсаулық. Денсаулыққа жағымды әсер ететін факторлар. Аурулар туғызатын заттар мен факторлар. Дәрігерлік бақылаудың міндеттері. Бейімдік дене шынықтырудағы ДПБ мазмұны.

Қазіргі денсаулық түрлері және олардың мазмұны. Адамның ағзалар жүйесі мен аппараттары. Соматикалық денсаулық көрсеткіштері. Спорттық жаттығулар жасауға тыйым салынатын адамдар, қарсы медициналық көрсеткіштер.

2.2. Мүмкіндігі шектеулі балалардың (көру, есту, сөйлеу қабілеттері, тірек-қимыл аппараты бұзылған) психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері.

Көру қабілетінде бұзылыстар бар балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері. Көру қабілеті бұзылғандарды оқытуда назарға алынатындар. Қалдық көру қабілетін және көру арқылы қабылдауын сақтау және дамыту. Есту қабілетінде бұзылыстар бар балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері. Кохлеарлы импланттар орнатылған оқушылармен сабақ өткізу принциптері. Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар балалардың ерекшеліктері. СТЖД негізгі белгілері. СТЖД бар балалардың сөйлеу тілінің деңгейлері. Психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері. Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған балалардың санаттары. БСА ауыратын балалардың ерекшеліктері.

2.3. Ақыл-ойында ақауы бар және психикалық дамуы тежелген балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері.

Ақыл-ой кемістігі: олигофрения және деменция. Олардың пайда болуы. Кемақыл балалардың психофизикалық дамуының бұзылу дәрежесі бойынша топтарға бөлінуі. Зияты зақымдалған балалардың топтастырылуы. Психикалық дамудың тежелуі. Психикалық дамудың тежелуінен туындайтындар. Шығу тегіне байланысты ПДТ-тің түрлері. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім алу қажеттіліктері бар оқушылардың топқа бөлу. Зиятында кемтарлығы бар оқушылардың типологиясы.

2.4. Инклюзивті білім беруге қамтылатын басқа да балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері.

Дарынды балалар инклюзив бала ретінде. Дарынды балалардың категориялары. Дарынды балалардың сипаттамалары. Интеллектуалды және ақыл-ой белсенділігі бар балалар. Бейнелеу өнері бойынша қабілеті бар балалардың ерекшеліктері. Өнге қабілеті бар балалар. Қозғалыстың белсенділігі бар балалардың ерекшеліктері.

Модуль 3. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылар (балалар, оқушылар) үшін инклюзивті білім беруді ұйымдастыру негіздері

3.1. Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылар үшін білім беру ортасын замануи модельдеу.

Білім беру ортасы. Білім беру ұйымының кеңістіктік-заттық ортасы. Инклюзивті білім беру ортасын модельдеуде ескерілетіні. Инклюзивті білім беру ортасын модельдеуде басшылыққа алынатын талаптар. ЕБҚ бар балаларды инклюзивті білім беру кеңістігіне қосу міндеттері. Инклюзивті сынып пен дамыту орталықтарында ББО түрлеріндіру. Түрлендірілген ББО жүргізілетін жұмыстар. Инклюзивті сыныпта мүгедектігі бар балаларға арналған ортаны ұйымдастыруда ескеретіндер. Өмірлік іс-әрекеттің арнайы ортасын жабдықтау. Көзі нашар көретін балалар үшін арнайы құралдармен қамтамасыз ету. «Ерекше» білім қажеттілігі бар оқушыны қалыпты білім кеңістігіне қамтуға дайындық технологиялары.

3.2. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар (оқушылар, білім алушылар) үшін білім беру бағдарламаларын және оқу ресурстарын бейімдеу.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар (оқушылар, білім алушылар) үшін білім беру бағдарламаларын бейімдеудегі негізгі факторлар. ЕБҚ бар балалармен оқытуды ұйымдастырудағы мәселелер. Білім алушылардың дайындық деңгейі бойынша бағалау аспектілері. Даму бұзылыстары бар балалар және оларды бейімдеу. Инклюзивті білім

берудегі түпкі мақсатқа сәйкес педагогтың міндеттері. Типтік оқу жоспарын бейімдеу үшін педагог жүргізетін дайындық жұмыстары. ЕБҚ бар оқушының білім ортасына, құрдастарына бейімделуіне жасалатын жағдайлар. Инклюзивті сыныпта оқыту үшін құжаттар. Білім беру бағдарламасын бейімдеудің негізгі міндеттері. Білім беру бағдарламасын бейімдеудегі педагог іс-әрекетінің бағыттары. Білім алушылардың қажеттіліктеріне жасалатын жағдайлар. ЕБҚ бар баланы мектеп өміріне бейімдеуде жүзеге асырылатын үдерістер. Есту қабілеті бұзылған балаларды оқытудағы түзету жұмысының бағыттары.

3.3. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар (оқушы, білім алушы) үшін жеке білім траекториясын жобалау, жеке-саралу тәсілін қолдану. Оқу жұмысын ұйымдастыру ерекшеліктері

Оқушылардың дербес ерекшеліктерін ескеру. Педагог ескеруі тиіс жайттар. Психологиялық-педагогикалық қолдаудың тиімділігі. Психологиялық-педагогикалық қолдаудың тиімділігін анықтау. Интеграциялық оқыту түрлері. Психологиялық-педагогикалық қолдаудың маманының іс-әрекеттері. ЕБҚ бар балалармен педагог-психологтың жүргізетін психологиялық іс-шаралары. Саралап оқыту. Сыныпта жекелеп-саралап оқыту тәсілін қолдану артықшылықтары. Педагогтың оқушыларды саралау схемасы. ЕБҚ бар оқушылардың саралануы.

Модуль 4. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту және психологиялық-педагогикалық қолдау

4.1. Психикалық дамуы тежелген балаларды түзете-дамыта оқытудың негізгі бағыттары мен мазмұны. Психологиялық-педагогикалық қолдау.

ПДТ балалардың пайда болуының негізгі себептері. ПДТ балаларда интеллектуалдық деңгейі төмен болатын танымдық процестер. ПДТ балалардың ерекшеліктері. Оқыту процесінде ПДТ балалардың оқу дағдыларындағы кездесетін кемшіліктер. ПДТ балаларды оқыту ерекшеліктері. ПДТ балалармен жүргізілетін түзету жұмыстарын жүргізудің принциптері. ПДТ баламен жүргізілетін жұмыстарды жүйелі түрде ұйымдастыру ерекшеліктері. Біріктіре оқыту қағидалары. ПДТ балалармен дәрігерлік-психологиялық-педагогикалық және түзету шараларын жүргізудегі мамандар ұстанымдары. ПДТ балаларды түзету-дамыту жұмыстары. ПДТ балаларды оқыту жұмыстары. Емдеу-сауықтыру жұмысының негізгі міндеті. Мұғалім-дефектологтың ПДТ балаға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету бағыттары.

4.2. Білім беру ұйымдарында тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау. Оқу жұмысын ұйымдастыру ерекшеліктері.

ТҚА бұзылған балалардың деңгейлері мен олардың ерекшеліктері. ТҚА бұзылған балаларды оқыту міндеттері. ТҚА бұзылған балаларды оқыту - емдеу-қалпына келтіру жұмыстары. ЕДШ нұсқаушысының қызметі. ТҚА бұзылған баланы психологиялық-педагогикалық қолдау қағидалары. ТҚА бұзылған оқушылар үшін сабақтарды өткізетін ЕДШ бөлмесі немесе арнайы жабдықталған гимнастика залына және олардағы жабдықтарға қойылатын талаптар. Түзету-тәрбиелеу жұмысы жүзеге асырылатын іс-әрекет бағыттары.

4.3. Білім беру ұйымдарында құлағы нашар еститін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау. Оқу жұмысын ұйымдастыру ерекшеліктері.

Инклюзивті білім беру ұйымдарында есту қабілеті бұзылған оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу ерекшеліктері. Кәдімгі мектептегі оқытуға қарағанда арнайы мектептегі талаптардың айырмашылығы. Есту аппараты және оны пайдалануы. Құлағы нашар еститін балалармен сурдопедагогтың және логопедтің жүргізетін арнайы жүйелі түзету жұмыстары. Оқу жылы ішінде жүргізетін медициналық профилактика мен емдік іс-шаралар. Есту қабілеті бұзылған баланың танымдық және тұлғалық аясы дамуының

ерекшеліктері. Ести алатын оқушыда сабақ кезінде анализаторлардың алмасуы. Құлағы нашар еститін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау, материалдық-техникалық базаны, кадрлық және оқу-әдістемелік әлеуетті жетілдіру, ата-аналарды білім беру үдерісіне араластыру жұмыстары.

4.4. Білім беру ұйымдарында көзі нашар көретін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау. Оқу жұмысын ұйымдастыру ерекшеліктері.

Көру қабілеті бұзылған оқушыда мектепте болатын қиындықтар және олардың алдын алу. Психологиялық-педагогикалық қолдау. Инклюзивті мектеп жағдайында балаға бағытталған тиімді, икемді сүйемелдеуді қамтамасыз ететін тьюторлық қызмет. Оқу-әдістемелік құралдарымен қамтамасыз етудің және білім беру ортасын қалыптастырудың маңызы.

4.5 Білім беру ұйымдарында интеллектуалдық ақауы бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау. Оқу жұмысын ұйымдастыру ерекшеліктері.

Білім беру ұйымында зияткерлік ақауы бар балалармен жұмыс жасайтын педагогтар мен мамандардың қызметі. Балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау. Оқу материалдарын дидактикалық өңдеу. ЕБҚ баланың оқу жұмыстарын орындау тәртібін өзгерту қажеттілігі. ЕБҚ балалардың денсаулық жағдайын ескеретін қосымша жағдайлар жасау. Отбасын қолдау қызметінің негізгі бағыттары.

4.6. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды (оқушы, білім алушы) қосымша білім беру бағдарламасына қамту және қашықтықтан оқыту.

Қосымша білім беру. Қосымша білім беру жүйесінің мақсаты мен жағдайлары. Балаларға қосымша білім беруді ұйымдастырудағы қағидалар. ЕБҚ бар оқушыларға қосымша білім беру мақсаты. ЕБҚ бар баланың жұмыс үдерісінде техникалық қауіпсіздікті сақтауы. ЕБҚ бар балалар үшін қосымша білім беру жүйесінде басшылыққа алынатын қағидалар.

Инклюзивті білім беру жағдайында қашықтықтан оқыту технологиясын қолдану. ЕБҚ бар балалардың жеке оқу сабақтарының кестесі. Қашықтықтан оқытудың кемшіліктері.

Модуль 5. Ерекше қажеттілігі бар балалармен ұйымдастырылған білім берудің нәтижелерін бақылау және бағалау

5.1. Инклюзивті білім беру жағдайында отбасымен жүргізілетін жұмыс.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың отбасында тәрбиелеу ерекшеліктері. Балалар – ата-аналар қарым-қатынасы. Мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналарының негізгі психологиялық портреттері. Тәрбие модельдері. Инклюзивті мектепте мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасымен жұмыс барысындағы шешілетін міндеттер. Инклюзивті мектепте ата-аналарда пайда болатын қиындықтар, олардың себептері. Инклюзивті білім беру жағдайында ата-аналармен жұмыс стратегиялары. Психологиялық қолдау үдерісі және оның тиімділігі. Ана-аналармен жүргізілетін жұмыс түрлері мен әдістері. Мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларына психологиялық көмек беру. Психологиялық-педагогикалық және отбасылық кеңес беру.

5.2. Мүмкіндігі шектеулі балалардың жеке мүмкіндіктерін есепке алу негізінде білім беру нәтижелерін бағалау.

«Бағалау» ұғымы, бағалаудың мақсаты. Білім беру нәтижелерін бағалау құралдары. Бақылау және бақылау әдістеріне қойылатын талаптар. Мүмкіндігі шектеулі балаларды бақылау мақсаттары. Бақылаудың түрлері мен әдістері. Бақылауды сипаттаудың тәсілдері мен формалары.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу нәтижелерін бақылау әдістері. Әңгімелесу, сұхбат, портфолио және оның түрлері. Мониторинг. Мониторинг мақсаты, объектісі және түрлері.

5.3. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау жолдары.

Ерекше оқытуды қажет ететін балаларға арнайы білім беру мазмұны. Оқу бағдарламаларының үздіксіздігі және сабақтастығы. Арнайы мектептегі білімнің мазмұнына қойылатын талаптар. Мүмкіндігі шектеулі балалардың ортақ кемістіктері.

Критериалды бағалау жүйесі. Оқу үшін бағалау және оқытуды бағалау. Кері байланыс және оның түрлері. Қалыптастырушы бағалау техникасы және оны қолдану нәтижелері. Мүмкіндігі шектеулі балаларды бағалау қызметінде психологиялық және педагогикалық қолдау.

Инклюзивті білім беру жағдайында критериалды бағалау жүйесін ұйымдастыру. Мүмкіндігі шектеулі балалардың оқу жетістіктерін бағалаудың ерекшеліктері.

Әдебиеттер:

Негізгі және қосымша әдебиеттер:

Негізгі әдебиеттер:

1. Оспанбаева М. П. Инклюзивті білім беру мазмұны және әдістемесі: оқу құралы / М.П. Оспанбаева. - Алматы, Қазақ университеті, 2019. – 232 б.
2. Жалпы білім беру процесінде ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды қолдау бойынша педагог-ассистенттерге арналған әдістемелік ұсынымдар – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018. – 97 б.
3. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың жолдары / Құраст. А.К. Рсалдинова, А.М. Кемешова. Әдістемелік нұсқаулық. - Алматы: Өрлеу, 2019. – 64 б.

Қосымша әдебиеттер:

1. Назарова Н.М. Инклюзивное образование: методология, практика, технологии: Учебное пособие. - М., 2015. РМЭБ
2. Тебенова К.С. Дамуында ауытқулары бар балалар. Оқу құралы. – Алматы: Эверо, 2016. РМЭБ
3. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалардың оқыту үдерісіне тиімді әдістер мен технологияларды енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу. Әдістемелік ұсынымдар – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2019. – 216 б.
4. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды жалпы білім беру ұйымында оқуға даярлық деңгейін өлшеуіштерді жасау және енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018. – 72 б.
5. «Білім беру ұйымдарында инклюзивтік мәдениетті қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар». Әдістемелік ұсынымдар. – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. – 320 б.
6. Инклюзивті білім беру үдерісінде қатысушылардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар. – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. – 200 б.
7. Жалпы білім беру мектептің оқыту үдерісінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу. Әдістемелік ұсынымдар – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2019. – 258 б.
8. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар үшін жаңартылған оқу бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2019. – 248 б.

9. Ибатова Г.Б., Оразаева Г.С. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру жағдайында логопедиялық жұмыстың ұйымдастырылуы және мазмұны. Оқу құралы. - Алматы: Абай атындағы Қаз ҰПУ, 2014. <http://rmebrk.kz>

10. Жолдасбеков А.А., Примбетова С.К. Денсаулық психологиясы. Оқу құралы. - Алматы: «Эверо» баспасы, 2020 <http://elibr.kz/>

WEB сайттар тізімі:

1. <http://www.edu.gov.kz/ru/> - официальный сайт Министерства образования и науки РК.
2. <http://www.special-edu.kz/> - сайт Национального научно-практического центра коррекционной педагогики (ННПЦ КП).
3. <http://www.un.org/russian/document/declarat/salamanka.pdf.//> Саламанская декларация и рамки действий по образованию лиц с особыми потребностями, принятые Всемирной конференцией по образованию лиц с особыми потребностями: доступ и качество, Саламанка, Испания.